

№ исх: 11-2-03/1367 от:
12.12.2019

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

050040, Алматы қ., Көктем-3, 21-үй
тел.: +7 727 2704591, факс: +7 727 2704655
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

050040, г. Алматы, Көктем-3, дом 21
тел.: +7 727 2704591, факс: +7 727 2704655
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz

12.12.2019ж. № 11-2-03/1367

**Қазақстан Республикасы
Парламентінің Мәжілісі
«Халық коммунистері»
фракциясының
депутаттары**

**Ж.А. Ахметбековке
Г.А. Баймахановаға
А.О. Қоңыровқа
В.В. Косаревке
М.М. Магеррамовқа
И.В. Смирноваға
Т.Ы. Сыздықовқа**

2019 жылғы 13 қарашадағы №ДЗ-176 сауалға

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) «Халық коммунистері» фракциясына банк секторының мәселелеріне назар аударғаны үшін алғысын білдіреді.

Банк секторының тұрақтылығын қамтамасыз ету және кредиттеу саласында тәуекелдердің өсуіне жол бермеу үшін Ұлттық Банк іс-шаралар кешенін іске асыруда.

1. Банк секторын қадағалауды күшейту бойынша

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап Ұлттық Банк қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалаудағы тәуекелге бағдарланған тәсілге көшті, ол қаржы ұйымдарының қызметін талдауды және бағалауды, тәуекелі жоғары аймақтарға көңіл бөлуді, анықталған тәуекелге алдын алу шарасын уақтылы қабылдауды қамтамасыз ететін кешенді процесс болып табылады.

Тәуекелге бағдарланған қадағалау реттеушінің банктердің қызметін формальды белгілер бойынша емес, факторлардың жиынтығын ескере отырып

түсіндіріп беруіне және олардың жағдайын бағалауға мүмкіндік береді. Тәуекелге бағдарланған қадағалау қағидаттары банктерді тиімді қадағалаудың негізгі элементі ретінде халықаралық практикада кеңінен пайдаланылады. Тәуекелге бағдарланған қадағалаудың орталық элементі Еуропалық одақтың SREP (Supervisory review and evaluation process) моделіне негізделген жаңа қадағалау моделі болып табылады. SREP негізгі қағидаттары негізін қалайтын төрт элементке құрылған: (1) бизнес модельді талдау, (2) тәуекелдерді басқарудың ішкі жүйесін бағалауды қоса алғанда корпоративтік басқаруды бағалау, (3) тәуекелдерді өтеу үшін капитал жеткіліктілігін бағалау, (4) тәуекелдерді өтеу үшін өтімділік жеткіліктілігін бағалау. Бұл элементтерді бағалау банктердің қаржылық жай-күйіндегі жағымсыз өзгерістерді ерте туындау сатыларында сәйкестендіруге және қажетті қадағалау және түзету шараларын уақтылы және барабар қолдануға мүмкіндік береді.

Банктің қызметін кешенді талдау олардың даму жоспарларын, банктердің стратегиясы және бизнес модельдері қабылдаған тәуекелдерге сәйкестігін, банктің айқын және бақылаудағы бизнесті қолдау ресурстары мен қабілетін бағалайды. Қадағалау органының тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару жүйесінде, сондай-ақ тәуекелдерді өтеу үшін капитал мен өтімділіктің қажетті деңгейін айқындау рәсімдеріндегі әлсіз тұстарды жоюды, демек банктерде сапалы менеджментті көздейтін банктермен тығыз өзара іс-қимылы болжанады.

Анықталған тәуекелдер мен кемшіліктерді барынша азайту мақсатында Ұлттық Банк ұсынымдық шаралардан бастап банктің актив және пассив операцияларының жекелеген түрлерін тоқтата тұрғанға дейін бірқатар қадағалау шараларын қолдануға құқылы. Капитал бойынша ең төменгі пруденциялық нормативтерге қосымша талаптар ретінде капиталға қадағалау үстемесі жаңа қадағалау құралдарының бірі болып табылады.

Бұдан басқа, жүйелік салдарды және мемлекеттің шығынын барынша азайтуды ескере отырып, төлемге қабілетсіз банктерді анықтау мен реттеудің жаңа тетігін енгізу бойынша заңнамалық реформа іске асырылды. Атап айтқанда, проблемалық банктерді қаржылық жай-күйіне қарай жіктей отырып, оларды сәйкестендіру және реттеу процесі регламенттелді. Заң деңгейінде триггерлер және осындай банктердің капиталын арттыруға арналған мерзім айқындалды. Бұл қадағалау шараларын және реттеу шараларын бөлуге, сондай-ақ төлемге қабілетсіз банктер бойынша шешімдер қабылдаудың жеделдігін арттыруға мүмкіндік береді.

Тәуекелге негізделген қадағалаудың тиімділігіне қадағалау органына тәуелсіздік және шешім қабылдауда икемділік пен оралымдылықты қамтамасыз ететін уәжді пайымдау негізінде әрекет ету құқығын беру арқылы қол жеткізіледі. Уәжді пайымдау – бұл қадағалап ден қою шараларының негізі болып табылатын реттеушінің алқалы органының негізделген кәсіби пікірі. Уәжді пайымдауды қолдану банк секторының жинақталған жүйелі мәселелерін – несие портфелі сапасының төмендігін, банктердің байланысты тараптарына кредит беру мен активтерді сыртқа шығаруды, тәуекелдерді басқару жүйелері сапасының төмендігін, есептілікті, тәуелсіз бағалауды, сондай-ақ банктердің

басшылығы мен меншік иелерінің жеткіліксіз деңгейдегі жауапкершіліктерін шешу үшін қажет.

Заңнамалық түзетулер енгізілмес бұрын Ұлттық Банк заңнама мен пруденциялық нормативтердің талаптарын формальды түрде бұзған жағдайда ғана қадағалау шараларын қолдана алады. Бұл реттеушінің қадағалау функциясының шектейді және тиімділігін төмендетеді, себебі іс жүзінде банктер заңнама мен реттеушілік нормативтердің талаптарын формальды түрде сақтауы үшін бірқатар схемаларды қолданды.

Қадағалау мандатын кеңейту туралы қабылданған заңнамалық түзетулер Ұлттық Банкке 2019 жылы банк активтерінің сапасына тәуелсіз бағалау жүргізуге (Asset Quality Review, AQR) және оның нәтижелері бойынша түзету шараларын қабылдауға құқықтық негіз жасады. AQR халықаралық инвесторлардың банк жүйесіне деген сенімін қалпына келтірудің және активтер мен капиталдың жеткіліктілігін терең және жан-жақты тексеру арқылы экономикаға кредит беру үшін жеке қорландыруды тартудың халықаралық тәжірибесі болып табылады. Сапаны тәуелсіз бағалау банктердің нақты жағдайын алдын алу болжамдауға, олардың залалы мен капиталдың жеткіліктілігін бағалауға, сондай-ақ қосымша капиталдандыруға қатысты реттеуші талаптарды негіздеуге және банктерді, оның ішінде банк акционерлері мен кредиторларының есебінен қалыпқа келтіру бойынша шараларды әзірлеуге мүмкіндік береді.

2019 жылдың бірінші жартысында Ұлттық Банк AQR жүргізу үшін қажетті дайындық жұмыстарын жүзеге асырды. Халықаралық консультантты тарта отырып AQR әдіснамасын бейімдеу (Еуропа Орталық Банкінің әдіснамасы негізінде) және оны бекіту бойынша, банктердің бағалануға тиіс кредиттік портфелін таңдау бойынша жұмыстар жүргізілді. Тексеруге банк жүйесінің барлық активінің 87%-на жуығын құрайтын 14 банк енгізілді. AQR 2019 жылдың соңына дейін аяқталады деп жоспарланып отыр.

Жұмыстың нәтижелері қадағалау процесіне енгізіледі. Қажет болған жағдайда, жұмыстың қорытындысы бойынша орта мерзімді болашақта түзету шараларын қабылдау бойынша іс-шаралар жоспары жасалып, жұмыс істеп тұрған бизнес-процестерді одан әрі жетілдіру бойынша банктер үшін қажетті ұсынымдар әзірленетін болады.

2. Аудиторлар және банктер арасында мүдделер қақтығысын болдырмау жөнінде

Қазақстан Республикасының заңнамасында банктер мен аудиторлық ұйымдар арасында мүдделер қақтығысының орын алуын болдырмауға бағытталған ережелер бар. Атап айтқанда, (1) соңғы үш жыл ішінде бухгалтерлік есепті қалпына келтіру және жүргізу қызметтері көрсетілген ұйымдардың, (2) орындаушылары аудит жүргізілетін субъектінің лауазымды адамдарының жақын туыстары болып табылатын аудиторлық ұйымның аудитін жүргізуге, (3) мүдделер қақтығысының орын алуын тудыратын және өзге жағдайларда тыйым салынады.

Бұдан басқа, банктерге қатысты аудиторлық ұйымның есебі ұйым тексерілетін банктердің акционерлері мен олардың лауазымды адамдарынан тәуелсіз екендігі расталған, сондай-ақ қаржы ұйымдарына міндетті аудит жүргізуге арналған лицензия мен біліктілік талаптарына сәйкес аудиторлық қызметті жүзеге асыруға уәкілетті болған кезде жарамды деп танылады.

Көрсетілген тәсілдер Аудиторлар этикасы кодексіне (International Code of Ethics for Professional Accountants) сәйкес әзірленді және үздік халықаралық тәжірибеге, оның ішінде Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің Банктердің сыртқы аудиті стандарттарына сәйкес келеді (External audits of banks, 2014).

3. Тұтынушылық кредиттеу бойынша

Соңғы жылдары байқалған тұтынушылық кредиттеудің қарқынды өсуі бүгінгі күні баяулады. Тұтынушылық кредиттеудің кепілсіз сегментіндегі берешектің өсуі 2017 және 2018 жылдары жылына сәйкесінше 31% және 28%-ды құрады. Ағымдағы жылдың 10 айында кепілсіз тұтынушылық қарыз портфелінің өсуі небәрі 8%-ды құрады. Осы кезең ішінде қазақстандықтардың орташа айлық жалақысы 16%-ға өсті, бұл кепілсіз қарыздар бойынша берешектің өсуінен екі есе көп.

Жеке тұлғаларды кредиттеу нарығының шамасы бойынша Қазақстан борыш деңгейі төмен елдердің қатарына жатады. Тұтынушылық қарыздар портфелінің ІЖӨ-ге қатынасы шамамен 9,2%-ды құрайды. Ресейде бұл көрсеткіш 14,3%-ға тең, Польшада –30%-ға жуық, Германияда – 40%-дан астам, АҚШ-та – 85%-дан астам.

Ұлттық Банк азаматтардың шамадан тыс кредиттелуінің алдын алу және тұтынушылық кредиттеудің оңтайлы өсу қарқынын қамтамасыз ету үшін реттеу шараларын іске асыруда.

Ағымдағы жылғы 3 шілдеде Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту, микроқаржылық қызмет және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды, ол 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап халыққа қарыз беретін барлық заңды тұлғаларға қатысты реттеу мен қадағалауды енгізуді көздейді. Осылайша, барлық кредиттеу субъектілері реттелетін бір аяда жұмыс істейтін және қарыз шарттарының талаптарына қойылатын талаптар, шекті сыйақы мөлшерлемелері, кредиттік бюроға ақпарат беру, борыштық жүктеме коэффициентінің сақталуы және басқалары сияқты қарыз алушыларды қорғау жөніндегі талаптардың толық аясын сақтайтын болады.

Бұл ретте 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қарыз алушылардың борыштық жүктемесін есептеу тәсілдері өзгертілді – кірісі ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен азаматтарға қарыз беруге тыйым салу енгізілді, сондай-ақ банктердің меншікті капиталының жеткіліктілігіне қойылатын талаптар күшейтілді, бұл банктердің кепілсіз тұтынушылық қарыздарды, әсіресе кірісі төмен азаматтарға беруіне экономикалық ынтасын төмендетеді.

Сонымен қатар, 90 күннен аса мерзімі өткен берешегі бар жеке тұлғалардың барлық кепілсіз тұтынушылық қарыздары бойынша тұрақсыздық айыбы мен комиссияларды есептеуге тыйым салу жөнінде заңнамалық актілерге түзетулер әзірленді. Осы арқылы кепілсіз тұтынушылық қарыздар бойынша берешектің үздіксіз өсуі шектелетін болады.

Түзетулер Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы, мемлекеттік басқару жүйесін және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына енгізілген.

4. Борышкер жеке тұлғалардың елден шығуына шектеу бойынша

Борышкер жеке тұлғаларды елден шығуға уақытша шектеу туралы кез келген шешім 20 АЕК (50,5 мың теңге) астам берешегі болған кезде және сот санкциясы негізінде қабылданады. Шектеу кредиттер бойынша борышкерлерге ғана емес, салықтар, алименттер және басқа да төлемдер бойынша берешегі бар адамдарға да қолданылады.

Сонымен қатар, қазіргі кезде «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен банкті қарыз берер алдында қарыз алушының төлем қабілеттігін жан-жақты бағалауын жүргізуді міндеттейді.

Банк қарыз бергенге дейін клиентке қарыздың талаптары, мөлшерлемелер мен тарифтер, қарыз шарты бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда клиенттің жауапкершілігі мен ықтимал тәуекелдері туралы ақпарат беруге тиіс. Қамтамасыз етусіз кредит (бланкілік кредит) беру туралы шешімді банк клиенттің кредит төлеу мүмкіндігі жоғары және ол сенімді болған жағдайда ғана қабылдайды. Банк шартты жасамас бұрын клиентке шарттың талаптарымен танысуға қажетті уақыт береді, ал шарт жасау кезінде қарыздың жалпы сомасын, валютасы мен мерзімін, төлем санын, сыйақы мөлшерлемесінің түрі мен мөлшерін, өтелуге тиіс жалпы соманы, сыйақының жиынтық сомасын, борышты уақтылы төлемегені үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшерін қамтитын, шартпен қоса берілетін жадынаманы ұсынады.

Қарыз алушы мерзімін өткізіп алған жағдайда, банк мерзімі өткеннен кейін 30 күн ішінде қарыз алушыға мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, шарт бойынша төлемдер енгізу қажеттілігі және қарыз алушының өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы хабарлайды. Қарыз алушы туындаған берешекті реттеу үшін банкке жүгінуге құқылы. Борышкер тарапынан жауап болмаған кезде ғана банк соңғы шараларды қабылдайды, оның ішінде берешекті өндіріп алу туралы талап арызбен жүгінеді.

Осылайша, банк кредитор бола отырып, берілген қаражатты қайтаруға мүдделі, себебі олай болмаған жағдайда банкке өз ақшасын сеніп тапсырған салымшылардың (депозиторлардың) мүдделері зардап шегуі мүмкін. Сондықтан да борышкердің елден шығуына уақытша шек қою мүмкіндігі қарыз қаражатын

қайтару үшін заңнамада көзделген құралдардың бірі ғана болып табылады және қарыз беру туралы шешімге әсер етпейді.

Осыған байланысты көрсетілген құралдан толығымен бас тарту орынсыз. Бұл ретте Ұлттық Банк мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп борышкер берешегі шекті сомадан асып кеткен жағдайда Қазақстан Республикасынан шығуға уақытша шектеу қолданылатын шекті соманы ұлғайту мәселесін қарастыруға болады деп санайды.

Төраға

Е. Досаев

Орынд.: А. Сандыбаев
Тел.: 8 (727) 330-25-61

от 12.12.2019г. № 11-2-03/1367

**Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
фракции «Народные
коммунисты»**

**Ахметбекову Ж.А.
Баймахановой Г.А.
Конурову А.О.
Косареву В.Б.
Магеррамову М.М.
Смирновой И.В.
Сыздыкову Т.И.**

На запрос от 13.11.2019г. №ДЗ-176

Уважаемые депутаты!

Национальный Банк Республики Казахстан (далее – Национальный Банк) благодарит фракцию «Народные коммунисты» за внимание к вопросам банковского сектора.

Для обеспечения стабильности банковского сектора и недопущения роста рисков в сфере кредитования, Национальным Банком реализуется комплекс мероприятий.

2. По усилению надзора за банковским сектором

С 1 января 2019 Национальный Банк перешел на риск-ориентированный подход в регулировании и надзоре финансовых организаций, являющийся комплексным процессом, обеспечивающим анализ и оценку деятельности финансовой организации, сосредоточенность на зонах повышенного риска, своевременное принятие превентивных мер на выявленный риск.

Риск-ориентированный надзор позволяет регулятору интерпретировать деятельность банков и оценивать их состояние с учетом совокупности факторов, а не по формальным признакам. Принципы риск-ориентированного надзора

широко используются в международной практике как ключевой элемент эффективного банковского надзора. Центральным элементом риск-ориентированного надзора является новая модель надзора, основанная на модели Европейского союза SREP (Supervisory review and evaluation process). Общие принципы SREP выстроены вокруг четырех основополагающих элементов: (1) анализ бизнес модели, (2) оценка корпоративного управления включая оценку внутренней системы управления рисками, (3) оценка достаточности капитала для покрытия рисков, (4) оценка достаточности ликвидности для покрытия рисков. Оценка этих элементов позволяет идентифицировать негативные изменения в финансовом состоянии банков на ранних стадиях их возникновения и своевременно и адекватно применять необходимые надзорные и корректирующие меры.

Комплексный анализ деятельности банка включает оценку их планов развития, соответствия принятых рисков стратегии и бизнес модели банков, ресурсов и способности банка поддерживать прозрачный и контролируемый бизнес. Предполагается тесное взаимодействие надзорного органа с банками, предусматривающее устранение слабых сторон в системе управления рисками, корпоративном управлении, а также в процедурах определения необходимого уровня капитала и ликвидности для покрытия рисков, а значит качественный менеджмент в банках.

В целях минимизации выявленных рисков и недостатков Национальный Банк вправе применить ряд надзорных мер, начиная от рекомендательных мер до приостановления отдельных видов активных и пассивных операций банка. Одним из новых надзорных инструментов является надзорная надбавка на капитал как дополнительное требование к минимальным пруденциальным нормативам по капиталу.

Кроме того, реализована законодательная реформа по введению нового механизма выявления и урегулирования неплатежеспособных банков с учетом минимизации системных последствий и государственных потерь. В частности, регламентирован процесс идентификации и урегулирования проблемных банков с их классификацией в зависимости от финансового состояния. На уровне закона определены триггеры и срок для повышения капитала таких банков. Это позволило разделить надзорные меры и меры урегулирования, а также повысить оперативность принятия решений по неплатежеспособным банкам.

Эффективность риск-ориентированного надзора достигается путем придания независимости надзорному органу и права действовать на основе мотивированного суждения, обеспечивающего гибкость и оперативность принятия им решений. Мотивированное суждение – это обоснованное профессиональное мнение коллегиального органа регулятора, являющееся основанием для мер надзорного реагирования. Применение мотивированного суждения необходимо для решения накопленных системных проблем банковского сектора – низкого качества ссудного портфеля, кредитования связанных сторон банков и вывода активов, низкого качества систем управления

рисками, отчетности, независимой оценки, а также недостаточной ответственности руководства и собственников банков.

До введения законодательных поправок Национальный Банк мог применять надзорные меры только при формальном нарушении требований законодательства и пруденциальных нормативов. Это ограничивало и снижало эффективность надзорных функций регулятора, поскольку на практике банки применяли ряд схем для формального соблюдения требований законодательства и регуляторных нормативов.

Принятые законодательные поправки по расширению надзорного мандата создали правовую основу для проведения Национальным Банком в 2019 году независимой оценки качества активов банков (Asset Quality Review, AQR) и принятия корректирующих мер по ее результатам. AQR является общепризнанной международной практикой для восстановления доверия международных инвесторов к банковской системе и привлечения частного фондирования для кредитования экономики путем глубокой и обширной проверки активов и достаточности капитала. Независимая оценка качества позволит диагностировать реальное состояние банков, оценить их потери и достаточность капитала, а также обосновать регуляторные требования по докапитализации и разработать дальнейшие меры по оздоровлению банков, в том числе за счет акционеров и кредиторов банка.

В первой половине 2019 года Национальный Банк осуществлял необходимые подготовительные работы для проведения AQR. С привлечением международного консультанта проведены работы по адаптации методологии AQR (на базе методологии Европейского Центрального Банка) и ее утверждению, по выборке кредитного портфеля банков, подлежащего оценке. В проверку включено 14 банков, занимающих порядка 87% от всех активов банковской системы. Завершение AQR планируется до конца 2019 года.

Результаты работы будут интегрированы в надзорный процесс. При необходимости, по итогам работы будет составлен план мероприятий по принятию корректирующих мер в среднесрочной перспективе и выработаны необходимые рекомендации для банков по дальнейшему совершенствованию действующих бизнес-процессов.

3. По исключению конфликта интересов между аудиторами и банками

Законодательство Республики Казахстан содержит положения, направленные на предотвращение возникновения конфликта интересов между банками и аудиторскими организациями. В частности, запрещается проведение аудита (1) организаций, которым за последние три года были предоставлены услуги по восстановлению и ведению бухгалтерского учета, (2) аудиторской организацией, исполнители которой состоят в трудовых отношениях или являются близкими родственниками должностных лиц аудируемого субъекта, (3) в случаях, влекущих возникновение конфликта интересов и иных случаях.

Кроме того, в отношении банков отчет аудиторской организации признается действительным при подтверждении, что организация независима от

акционеров проверяемых банков и их должностных лиц, а также уполномочена на осуществление аудиторской деятельности в соответствии с лицензией и квалификационными требованиями по проведению обязательного аудита финансовых организаций.

Указанные подходы разработаны в соответствии с Кодексом этики аудиторов (International Code of Ethics for Professional Accountants) и соответствуют лучшей международной практике, в том числе Стандартам внешнего аудита банков Базельского комитета по банковскому надзору (External audits of banks, 2014).

4. По потребительскому кредитованию

Наблюдавшийся в последние годы быстрый рост потребительского кредитования на сегодня замедлился. Рост задолженности в сегменте беззалогового потребительского кредитования в 2017 и 2018 годах составлял 31% и 28% в год, соответственно. За 10 месяцев текущего года рост портфеля беззалоговых потребительских займов составил лишь 8%. За этот же период среднемесячная заработная плата казахстанцев увеличилась на 16%, что опережает рост задолженности по беззалоговым займам в два раза.

По величине рынка кредитования физических лиц Казахстан относится к группе стран с низким уровнем долга. Отношение портфеля потребительских займов к ВВП составляет около 9,2%. В России данный показатель равен 14,3%, в Польше – около 30%, в Германии – свыше 40%, в США – более 85%.

Для недопущения закредитованности граждан и обеспечения оптимальных темпов роста потребительского кредитования Национальный Банк реализовывает регуляторные меры.

3 июля текущего года Президентом Республики Казахстан подписан Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам регулирования и развития финансового рынка, микрофинансовой деятельности и налогообложения», который предусматривает введение с 1 января 2020 года регулирования и надзора в отношении всех юридических лиц, предоставляющих займы населению. Таким образом, все субъекты кредитования будут работать в одном регулируемом поле, и соблюдать полный спектр требований по защите заемщиков, такие как требования к условиям договоров займа, предельные ставки вознаграждения, необходимость предоставления информации в кредитные бюро, соблюдения коэффициента долговой нагрузки и другие.

При этом, с 1 января 2020 года изменяются подходы к расчету долговой нагрузки заемщиков – введен запрет на предоставление займов гражданам с доходом ниже прожиточного минимума, а также повышены требования к достаточности собственного капитала банков, что понизит экономические стимулы банков к выдаче беззалоговых займов, особенно гражданам с низкими доходами.

Кроме того, разработаны поправки в законодательные акты по запрету начисления неустойки и комиссий по всем беззалоговым потребительским

займам физических лиц после 90 дней просрочки. Этим будет ограничен постоянный рост задолженности по беззалоговым потребительским займам.

Поправки включены в проект Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам административно-территориального устройства Республики Казахстан, совершенствования системы государственного управления и межбюджетных отношений», одобренный Мажилисом Парламента Республики Казахстан.

5. По ограничению на выезд должников-физических лиц

Любое решение о временном ограничении на выезд должников-физических лиц из страны принимается при наличии задолженности свыше 20 МРП (50,5 тыс. тенге) и на основе санкции суда. Ограничение распространяется не только на должников по кредитам, но и на лиц, имеющих задолженность по налогам, алиментам и другим платежам.

Вместе с тем, уже сейчас Закон Республики Казахстан «О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан» обязывает банк до выдачи займа проводить всестороннюю оценку платежеспособности заемщика.

До выдачи займа банк должен предоставить клиенту информацию об условиях займа, ставках и тарифах, ответственности и возможных рисках клиента в случае невыполнения обязательств по договору займа. Решение о предоставлении кредита без обеспечения (бланкового кредита) принимается банком только при условии высокой кредитоспособности и надежности клиента. До заключения договора банк предоставляет клиенту необходимое время на ознакомление с условиями договора, а при заключении договора предоставляет памятку, содержащую общую сумму, валюту и срок займа, количество платежей, вид и размер ставки вознаграждения, общую сумму к погашению, итоговую сумму вознаграждения, размер неустойки (штрафа, пени) за несвоевременное погашение долга, который должен прилагаться к договору.

В случае допущения заемщиком просрочки, банк в течение 30 дней после просрочки уведомляет заемщика о необходимости внесения платежей по договору с указанием размера просроченной задолженности, и последствиях невыполнения заемщиком своих обязательств. Заемщик вправе обратиться в банк для урегулирования возникшей задолженности. Только при отсутствии реакции со стороны должника, банк принимает крайние меры, в том числе обращается с иском о взыскании задолженности.

Таким образом, являясь кредитором, банк заинтересован в возврате выданных средств, поскольку в ином случае могут пострадать интересы вкладчиков (депозиторов), доверивших банку свои деньги. Поэтому возможность временного ограничения на выезд должника из страны является лишь одним из инструментов, предусмотренных законодательством для возврата заемных средств, и не влияет на решение о выдаче займа.

В этой связи, полная отмена указанного инструмента нецелесообразна. При этом, Национальный Банк считает возможным совместно с заинтересованными государственными органами рассмотреть вопрос

увеличения пороговой суммы задолженности должника, при превышении которой будет применяться временное ограничение на выезд из Республики Казахстан.

Председатель

Е. Досаев

Исп.: А. Сандыбаев
Тел.: 8 (727) 330-25-61